ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ХРОМТАУСКОГО
РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026ж. 24.04 № 115

Ақтөбе облысы
Хромтау қаласы

Актюбинская область
город Хромтау

Жер учаскесін жалдау құқығына сауда-саттық (аукцион) өткізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 және 37 баптарына, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 - бабына және «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы аумағында орналасқан, сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жалпы аумағы 3,0 га жер учаскелерінің тізбесі анықталсын және бекітілсін.

2. Сауда-саттық (аукцион) бағаны көтеру шартымен өткізілсін.

3. «Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында сауда-саттық өткізу туралы хабарландыруды орналастырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Райысұлына жүктелсін.

Аудан әкімінің м.а. **С.Жаконов**

000117

Аудан әкімдігінің 2026 жылғы
«24» 04 №115
қаулысына 1-қосымша

Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы алаңы, га	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі
№1	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң ауылдық округі, Дөң ауылы	3,0	үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	3 (үш) жыл мерзімге жалға алу құқығы
	Барлығы	**3,0**		